

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

18.06.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 18

город Алматы

**Алматы қаласының аумағында
коронавирустық инфекция
таралуының алдын алу жөніндегі
одан арғы шаралар туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар, «Атамекен» ӨКП, мекеме басшылары қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17 қаулысына 6-қосымшаға сәйкес, ағымдағы жылдың 19 маусымынан бастап «жасыл» аймақ режимі бойынша «ASHYQ» жобасына қатыспайтын әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысына шектеулер мен рұқсаттардың іске асырылуын;

2) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 11 маусымдағы №27 қаулысының 2-қосымшасына сәйкес, ағымдағы жылдың 19 маусымнан бастап жасыл аймақ режимі бойынша

«ASHYQ» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысына шектеулер мен рұқсаттардың іске асырылуын;

3) тұрғындардың қоғамдық орындарға (оның ішінде қалалық қоғамдық көлікте жүргенде) және қызметіне рұқсат етілген объектілерге барғанда, сондай-ақ ашық аспан астында көпшілік орындарда болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық аспан астында спортпен айналысқанды қоспағанда) маска киюге, әлеуметтік арақашықтықты сақтауға және антисептиктерді қолдануға қатысты қойылатын талаптарын орындауын және оларға қызметіне рұқсат етілмеген объектілерге баруды тыйым салуды;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік, ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға және басқаларына) баруға 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтарға маска режимі мен кем дегенде 1,5 метр арақашықтықты сақтаған кезде рұқсат беруді;

5) төтенше жағдайлар кезін қоспағанда, қатысушыларда COVID-19 -ға қарсы вакцина алғандығы туралы құжаттары болған жағдайда, оффлайн тәртібіндегі жиналыстарды өткізуге рұқсат етуді;

6) «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беруді;

7) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

8) қоғамдық көлікке, таксиге, метроға, әуежайларға, т/ж және авто - вокзалдарға, аула балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

9) білім мекемелеріндегі қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне тыйым салуды;

10) коронавирустық инфекцияның белсенді ошақтары бар үйлердегі аулалар мен квартал ішіндегі балалар алаңдарды, кіреберістер мен лифтілерді, соңғы аялдаманың кіреберісіндегі әр қоғамдық көліктерді күнделікті дезинфекциялауды;

11) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы қаласындағы филиалы COVID-19 бойынша оң нәтижелері болған сынамаларды мутацияланған штамдарды анықтау үшін МПК зертханасына жіберуді;

12) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК «Алматы қаласы бойынша дезинфекция орталығы» филиалы коронавирустық инфекция ошақтарында лифтілерді, баспалдақ алаңдарын және лифтіге дейін және лифтіден кіреберістен шығуға дейінгі маршруттарды қамти отырып қорытынды дезинфекциялауды қамтамасыз етсін; лифт болмаған жағдайда - КВИ-мен ауыратын науқастың пәтерінен кіреберістен шығуға дейінгі баспалдақ алаңдары мен маршруттарды 1 рет дезинфекциялауды;

13) Мониторингтік топтармен объектілерде және қоғамдық көліктерде күндізгі және түнгі уақытта шектеу іс-шараларының орындалуын бақылауды;

14) COVID-19 қарсы вакцинацияның толық курсы алғандығы туралы деректі дәлелдері бар және КВИ-мен ауырған тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың қызметкерлерін (әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелері, мониторингтік топтардың мүшелері, прокурорлар, полиция, Алматы қаласының төтенше жағдайлары қызметі, аймақтық бөлімшелерімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, ұлттық қауіпсіздік, соттар, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, әлеуметтік қорғау), сондай-ақ мүгедектерге күтім жасайтын еріктілер мен әлеуметтік қызметкерлер (ұсынылған әкімдіктердің тізімдері бойынша), мәйітхана қызметкерлері мен сот-медициналық сарапшылар), ай сайынғы 1 - профилактикалық мақсаттағы зертханалық тексеруден өткізуді;

15) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 19 «Коронавирус инфекциясының Үндістаннан Қазақстан Республикасына әкелінуіне жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» және 2021 жылғы 16 мамырдағы № 21 «Мальдив аралдарынан Қазақстан Республикасына коронавирустық инфекцияның әкелінуіне жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» қаулыларының орындалуын;

16) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №20 қаулысымен енгізілген Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулыларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларын орындауды және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 22.05.2021 ж. № 22 және 11.06.2021 ж. №28 қаулыларының орындалуын;

17) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17 қаулысымен енгізілген Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулыларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды орындауды.

